

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Ақыт қажының жүзігі

Биыл туғанына 155 жыл толып отырған өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қазақстанның халық жазушысы, ақын-драматург, филология ғылымының докторы Әбділда Тәжібаев «Абайдан кейінгі ұлы ақын» деп баға берген Ақыт қажы Үлімжіоғлының күміс жүзігі үрпақтарының қолында сақталғаны туралы «Argau.kz» сайты біршама уақыт бұрын жаңалық таратқан еді



Расында Ақыт ақын (1868–1940 ж.) артына тек жүзігін ғана қалдырмай, нәрлі сөзін де үрпаққа аманат еткен үлкен ғұлама-жыршы. Монғолия қазақтарының әдебиетін зерттеп, ғылыми айналымға енгізген филология ғылымдарының докторы, профессор Қабидаш Қалиасқарұлы: «1891 – 1914 жылдары Санкт-Петербург, Қазан баспаларынан Ақыт қажы Үлімжіоғлының тоғыз кітабы жарық көрген. Сонымен қатар оның шығармалары «Алтайский» деген бүркеншік атпен «Айқап» журналына жарияланып түрған. Бұл кісінің ерекшелігі – халыққа ислам ілімін жырмен насихаттаған ойшылдығы. Өлеңін алуан ырғақта насихат, назира, ғақлия түрінде жазған. Өзіне Абайды ұстаз тұтып, ол кісіге еліктеп «Дәлеллүл-ғақылия» атты аса құнды ақыли-жыр топтамасын жазып шыққан. Сондай-ақ, артына аса мол әдеби мұра қалдырған үлкен қалам иесі» деп жазыпты (Қ.Қалиасқарұлы: «Халық ақындары», Өлгей, 1973 жыл. 89 б.).

Ал ғұламадан қалған құнды мұра жүзікке келетін болсақ, жоғарыдағы сайтқа жәдігер жайлы мәлімет берген Шыңжан-Алтай өңірінде тұратын Ақыт қажының немересі Рысхан Аллажарұлы былай дейді: «Атамызды 1939 жылы күзде жұма күні Шәкуіртідегі мешітінде қытай үкіметі тұтқындалап, Сарысүмбек қаласына әкететін болады. Менің әкем Аллажар өз әкесі Ақыт атамды жалғыз жібермей бірге аттанған екен. Содан қалаға тұстік жер қалғанда қажы атамыз бірге келе жатқан ұлына «Балам, сен осы жерден қайт, үкіметке халық емес мен керекпін, халықтың ауыртпалығы менімен кететін шығар. Сендер жаман

болмайсындар», деп батасын беріп, қолындағы жүзігін саусағынан сурып алып, басына орап келе жатқан шаршы шытына орап қолына ұстатьпты. 1970 жылдары көне мұраларға қырғидай тиген «Мәдениет төңкерісі» кезінде біздің қажы атамыздың жалғыз көзі жүзіктен айырылып қалмас үшін, апам марқұм шүберекке орап менің беліме байласақтады» десе, қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы орталығына 2007 жылы Қытай елінен көшіп келген Ақыт қажының тағы бір немересі Шәпек ата: «Менің естуім бойынша, бұл жүзікті атамызға Бұхарадан келген Мырзабақа дейтін ұстазы сыйлаған екен. Бұл кісі атамызға араб, парсы, түрк тілдерін үйретумен қатар, исламның фиқіх негіздерін оқытыпты. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда ұстазы Ақыт атама «мен саған бар білетінімді үйреттім, бұдан әрі оқытуға дәрменім жоқ» деп, ризашылығын білдіріп осы жүзігін сыйлаған дейді. Бала кезімізде ауырған адамдар осы жүзікті кеседегі суға салып, «бисмилласын» айтып ішетін. Құдайдың құдіреті көбі дертінен сауығып кететін» дейді.

Жүзіктің өң бетінде Құран қаріптері ойып жазылған. Мұндағы араб қаріптерімен танысқан «Нұр – Мұбәрак» университетінің докторанты, танымал исламтанушы Қуат Қабдолла: «Мұнда кейбір Құран сүрелерінің басында тұратын мukattha әріптері таңбаланыпты. Осындай мukattha әріптерімен басталатын Құранда 30-ға тарта сүре бар. Бұл әріптер кейде екі (иа-син) немесе үш (әліп-ләм-мим) қосар дыбысты, сондай-ақ жеке-дара дыбыста (каф) жазылады. Бұл мukattha әріптердің мағынасы тек бір Аллаға аян. Осындай Құран сүрелерінің алдында тұратын мukattha дыбыстар саны – 14. Мына жүзікте барлығы түгел бәдізделіпті. Мұндай мukattha әріптер таңбаланған жәдігер қасиетті саналады», дейді.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ